

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылы БЖЗҚ өз салымшыларына 40 миллионнан астам қызмет көрсетті

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2021 жылы (01.01.2021- 01.01.2021 аралығындағы кезеңде) өз салымшыларына **40,5 миллион қызмет** көрсетті. Бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **45,2%** көп.

БЖЗҚ қызметтерінің **90%-дан астамын** пандемия кезеңінде ыңғайлы, жедел және қауіпсіз олып табылатын онлайн тәртібінде көрсетуде. Салымшылар мен алушылар үйден шықпай-ақ бірнеше минут ішінде Қордың барлық қызметтерін ала алады. Онлайн қызметтердің **29,7 миллионнан астамы** немесе жалпы көлемнің 73,4% БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында көрсетілген. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштер бір жарым есеге өсті (өткен жылдың 12 айында Қор салымшылары виртуалды кеңістікте 17,9 млн қызмет алған болатын).

БЖЗҚ сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинеттің көмегімен салымшылар қызметтерді қалаған уақытында, кез-келген жерде ала алатынын естеріңізге саламыз. Атап айтқанда, бұл қызметтер жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге берілетін өтініштің мәртебесін қадағалау және тағы басқалар.

Сонымен қатар, қызмет көрсетудің өтінімсіз түрі де дамыған. Оған, мысалы, міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу кіреді. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашық ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна келіп түскен кезде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте тұлғаның жеке басын сәйкестендіру МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. БЖЗҚ салымшысының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметтер Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен алынады. Жыл басынан бері **6,9 миллион қызмет** немесе жалпы көлемнің 17,1% өтінімсіз көрсетілген.

Кеңсеге келіп қызмет алу түрі де танымалдығын жоғалтқан емес. Бүкіл Қазақстан бойынша БЖЗҚ-ның 183 бөлімшесінде салымшыларға **2,3 млн қызмет** көрсетілді, бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда **52,3% артық**. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесі туралы www.enpf.kz сайтынан немесе ENPF мобильді қосымшасынан тез білуге болады.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде орналасқан ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде көрсетілетін қызмет түрлері бойынша бірлескен жобасының арқасында Қор салымшыларына 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, пошта операторының 347 бөлімшесінде шамамен **18 мың қызмет** көрсетілді. Ол өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп.

Қорда, сондай-ақ, барып қызмет көрсету бөлімдері де іске қосылған. Олар қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметтерді онлайн алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша барып қызмет көрсету барысында **117 768 операция** жүзеге асырылды, бұл былтырғы дәл осы кезеңмен салыстырғанда 36,7%-ға асып түседі.

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қордың салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 қаңтарында кері байланыс арналары арқылы **1,5 миллион өтініш** келіп түскен. Бұл былтырғы көрсеткіштен 10,2% көп.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) арқылы байланыс орталығында, www.enpf.kz корпоративтік сайты, сондай-ақ +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты және Facebook,

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

Instagram, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларында ақыл-кеңес ала алады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымиыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).